

FTAMP 14.31.09

ӨОЖ: 303.832

DOI: 10.52269/22266070_2023_3_147

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ» АТТЫ ЭЛЕКТИВТІ КУРСТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Баймухамбетова К.М. – 8D01301 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының докторанты, Қазақстан Республикасының Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы.*

Ыбыраимжанов К.Т. – п.ғ.д., Оқыту және тәрбиелеу әдістемесі кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасының Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы.

Ирсакова М.А. – магистр, Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасының М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Ұстаз» институты, Тараз қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада элективті курс бағдарламасы ақпараттық-цифрлық білім беру технологиялары мен заманауи әдістерін қолданудың тиімді бағыттарының бірі болып табылады. Мақаланың мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өз кәсіби қызметінде инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастырған іс-әрекетін инновациялық тұрғыдан дайындай алу деңгейін анықтау болып табылады. Зерттеу мақсатына жету үшін келесі міндеттер қойылды: инновациялық технологияларды пайдаланудың артықшылығын анықтау үшін сауалнама жүргізу және деректерді талдау; элективті курстың маңыздылығын көрсету.

Элективті курстың тиімділігін анықтаудың тәжірибелік маңыздылығы: Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздей отырып, ұсынылған теориялық қағидалар мен қорытындылар, жаңартылған білім мазмұнындағы заманауи әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды өз тәжірибесінде тиімді пайдалануды көздеп, болашақ мұғалім әдістемелік тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге жол ашып, білім сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелерінің анықтығы мен негізділігі: Зерттеу нәтижесінде аталған курстың сапасы мен дамытылуын қамтамасыз етеді. Инновациялық технология элементтерін пайдалану болашақ бастауыш сынып мұғалімі бойында цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастырады. Пәнді оқыту барысында мобильді сервистік қосымшаларды тиімді қолдана алады.

Түйінді сөздер: элективті курс; болашақ бастауыш мұғалімі; білім берудегі инновация; жаңашылдық; инновациялық әдістер; инновациялық технология.

ЗНАЧИМОСТЬ ЭЛЕКТИВНОГО КУРСА ДЛЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ «ПОДГОТОВКА К ИННОВАЦИОННОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПУТЕМ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ»

Баймухамбетова К.М. – обучающаяся докторантуры по специальности 8D01301-Педагогика и методика начального обучения, Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова Республики Казахстан, г. Талдықорған, Республика Казахстан.*

Ыбыраимжанов К.Т. – д.п.н., профессор кафедры методики обучения и воспитания, Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова Республики Казахстан, г. Талдықорған, Республика Казахстан.

Ирсакова М.А. – магистр, старший преподаватель кафедры дошкольного и начального образования Таразский региональный университет им. М. Х. Дулати Республики Казахстан, институт «Ұстаз», г. Тараз, Республика Казахстан.

В данной статье программа элективного курса является одним из наиболее эффективных направлений применения информационно-цифровых образовательных технологий и современных методов. Целью статьи является определение уровня способности будущих учителей начальных классов к инновационной подготовке организованной деятельности младших школьников посредством использования инновационных методов и технологий в своей профессиональной деятельности.

Для достижения цели исследования были поставлены следующие задачи: провести анкетирование и сделать анализ данных для определения преимуществ использования инновационных технологий; показать значимость элективного курса.

Практическая значимость определения эффективности элективного курса: на основе научно-теоретических обосновании проблемы подготовки будущего учителя начальных классов к инновационной профессиональной деятельности при обучении казахскому языку предложены теоретические положения и выводы, современные методы и инновационные технологии обновленного содержания образования, предполагающие эффективное использование в своей практике, при котором будущему учителю открывается путь к самосовершенствованию с методологической точки зрения и обеспечивается повышение качества образования.

Достоверность и обоснованность результатов исследования: в результате исследования обеспечивается качество и развитие данного курса. Использование элементов инновационных технологий формирует у будущего учителя начальных классов навыки эффективного использования цифровых образовательных ресурсов. Учитель сможет эффективно использовать мобильные сервисные приложения в процессе преподавания дисциплины.

Ключевые слова: элективный курс; будущий учитель начальных классов; инновации в образовании; инновации; инновационные методы; инновационные технологии.

THE IMPORTANCE OF THE ELECTIVE COURSE "PREPARATION FOR INNOVATIVE PROFESSIONAL ACTIVITY THROUGH TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE" FOR FUTURE PRIMARY CLASS TEACHERS

Baimukhambetova K.M. – PhD student, "8D01301-Pedagogy and methods of primary education", Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan.*

Ybyraimzhanov K.T. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of methods of education and training, Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan.

Irsakova M.A. – Master, Senior Lecturer of the Department of preschool and primary education, Taraz regional university named after M.H.Dulati, Ustaz Institute, Republic of Kazakhstan.

In this article the curriculum of the elective course is one of the most effective directions of application of information and digital educational technologies and modern methods. The aim of the article is to determine the level of ability of future primary schools teachers to innovatively prepare the organized activities of elementary school students through the use of innovative methods and technologies in their professional activities.

In order to achieve the goal of the research the following tasks were set: to conduct a survey and make a data analysis to determine the advantages of using innovative technologies; to show the importance of the elective course.

Practical significance of determining the effectiveness of the elective course: on the basis of scientific-theoretical substantiation of the problem of preparing a future primary school teacher to innovative professional activities in teaching the Kazakh language the theoretical provisions and conclusions, modern methods and innovative technologies of the updated content of education, suggesting effective use in their practice, in which the future teacher opens the way to self-development from the methodological point of view and improves the quality of education.

Reliability and validity of the results of the study: the study ensures the quality and development of the course. The use of innovative technology elements develops future primary teacher's skills in the effective use of digital educational resources. It can effectively use mobile service applications in the process of teaching the discipline.

Key words: elective course; future primary school teacher; innovations in education; innovation; innovative methods; innovative technologies.

Негізгі ережелер.

Бастауыш сыныптарда білім беру жүйесінің жаңашыл ізденістерінің нәтижесі қазіргі таңдағы көлемді болған оқу бағдарламаларын жаңарту барысында кәсіби инновациялық үдерістің маңыздылығы айрықша деңгейге көтерілгенін байқауға болады. Себебі, қазіргі таңдағы білім беру бағдарламаларындағы білім мазмұны дәстүрлі сабақ жүйесін қайталамай, әрбір оқушы өз алдына білім алуға дағдыландырудың оқу мақсатына бағытталғандығын байқауға болады [1,5 б.]. Олай болса, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда оларды инновациялық кәсіби іс-әрекетке бағыттап отырып, заманауи жаңашыл мамандарды даярлауымыз керек.

Болашақ маманның педагогикалық кәсіби қызметке инновациялық іс-әрекет даярлығы – білім алушының инновациялық технологияны меңгеруі және болашақта өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуына қажетті жаңа білім, білік, дағдыны игеруі. Олардың педагогикалық қызметтегі жаңашылдық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру инновациялық білім беру мен оқыту арқылы жүзеге асырылады [2,128 б.].

«Педагогтың кәсіби стандартында» бес еңбек функциясы белгіленген: 1) оқыту; 2) тәрбиелеуші; 3) әдістемелік; 4) зерттеу; 5) әлеуметтік-коммуникативтік [3, 2 б.]. Кәсіби стандарттың тұжырымдамалық негізі қазіргі замандағы педагогтың моделіне негізделген. 2019 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған «Педагог мәртебесі туралы заңының» 03.05.2022 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 1-нші бабында: «Педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушылардың немесе тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу, қолдау, ұйымдастыру бойынша педагогтың кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам», – делінген [4, 1 б.]. Бұл мұғалім кәсібінің қаншалықты күрделі екендігін анықтап тұр. Олай болса, келешек жас ұрпақ алдындағы осыншама жауапкершілікті мойнына ала алатын болашақ мамандарды инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлай отырып, бәсекеге қабілетті маман шығару – біздің басты міндетіміз.

Кіріспе.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға кәсіби даярлау мәселесін зерттеу қазіргі заманғы білімнің модернизациясымен және оны нақты білім беру мекемелерінде жүзеге асыру жолдарын анықтау қажеттілігімен байланысты. Қазіргі таңда жоғары білім беру ордаларының басты міндеті білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына жұмыс берушілер тарапынан қойылатын талап та өзгереді. Сондықтан жоғары оқу орнындағы маңызды бір мәселе білім алушыны болашақ мамандығына оңтайландыру, инновациялық біліктілігін дамыту, кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, кәсіби іскер және жаңашылдыққа бейім маман дайындау. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсенділендіру, оқытудың инновациялық формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет. Оқу үдерісін белсенділендіру – болашақ мамандардың заманауи әдістерді меңгеруіне, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра отырып, бәсекеге қабілетті инновациялық кәсіби маман даярлау.

Білім берудің заманауи жүйесі оқытудың инновациялық формалары мен әдістерінің ендірілімі педагогикалық қызметкерлердің жеке тұлғасына және кәсіби құзыреттілігіне жоғары талап қояды. Жоғары білім беру ғылым мен өндірісті кіріктіруде республикамыздың барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде басты роль атқарады.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауының «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» тақырыбындағы үшінші бағдарында сапалы білім беруде айрықша атап өтті. Мемлекет басшысы маңызды мәселелердің бірі білім беру жүйесіне тоқтала отырып, бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды роль атқаратындығын айтты. «Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Сонымен қатар, сұранысқа ие болып отырған және жоғары білікті мамандардың тапшылығын азайту қажет. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымыздағы ең жоғары орында тұруы керек. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады», – деді [5, 16 б.]. Яғни қазіргі уақытта инновациялық үдерістің, инновациялық кәсіби әрекеттің бар екендігін көрсете отырып, болашақ мұғалімдерді инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау қажет.

Қоғамдағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер оқушыларды оқытып тәрбиелейтін қызметкерлерді даярлау мен олардың біліктілігін жетілдіру ерекше маңызды екендігін көрсетіп отыр. Сонын айғағы ретінде мақалада педагогикалық инновацияны оқу-тәрбие процесінде пайдалану проблемасы болашақ мұғалімдерді даярлаудың аспектісі ретінде алынды. Дәл осы процесс мұғалім тарапынан ерекше назар аударуды және біліктілікті қажет етеді. Яғни, мектептегі басты тұлға – мұғалім, бұл ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістегі іс-әрекет пен қарым-қатынасқа жаңашылдық тұрғыдан келу қажеттігін басшылыққа алуы деген сөз. Оқыту және білім беру арқылы оқушыларды өмірлік тәжірибеге бейімдеп, тәрбиелеудегі іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарының сипаты белгілі бір дәрежеде қойылған мақсаттар мен оны жүзеге асырушы құралдары – педагогикалық технологиялар мен әдістерге тәуелді болады. Бастауыш сыныптың мұғалімі педагогикалық үдерісті ұйымдастырушы және жүзеге асырушы белсенді әрекет барысында ғана оқушы тұлғасының жеке әрекет тәсілдерін және оқытылатын оқу материалдарының жаңа білімдік мазмұны мен ғылыми танымдық қасиеттерін меңгертуде инновациялық әрекеттерді жүзеге асыруды қажет екендігін басты назарда ұстауы керек. Мұғалімнің басшылығымен жүретін жаңа мазмұндағы оқу-танымдық әрекет оқушылардың жеке іс-әрекеттерінің жаңа сипаттағы танымдық құбылыстарының түрі болып табылмақ. Оқушылардың жаңа сипаттағы іс-әрекет түрлеріне көшпейінше оқыту мен білім беру және тәрбиелеу үдерістерін қамтамасыз ету мүмкін емес. Педагогикалық үдерістегі жаңа мазмұндағы оқу-танымдық іс-әрекеттер оқушылардың өзара және мұғаліммен белсенді байланыстарын жүзеге асырушы ретінде көрініс береді, бірақ бұнда оқушылардың жас ерекшеліктері мен табиғатына жақын болу керектігі басшылыққа алынып отыру керек. Білім беру мен оқытуда мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың тәртіпті және ынтымақтастықтағы түсінікке негізделген орын алуы маңызды. Себебі, білім алу мен оқудағы жаңа мазмұндағы танымдар негізінде орын алатын қарым-қатынас әрекеттері олардың өздеріне тән ерекше қажеттігін береді. Бұндағы бағыт-бағдар мен мақсат оқушы әлеуметтік тәжірибеде қоғамдық құндылықтар иесіне айналып, өзін тұлға ретінде сезінеді, ал бұның

негізі мұғалімнің кәсіби әрекетіндегі педагогикалық үдеріске инновациялық тұрғыдан келуі негіз болады. [6, 20 б.]

Ғылыми еңбектерді талдау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бойынша – Абдуллина О.А. [7, 95 б.] (Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. Для пед. спец. вузов -2-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1989. – 139, (2) с.140), Қ.М.Нағымжанова [8, 19 б.] (Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Пед.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 2002. – 138 б.), М.З.Джанбубекова [9, 131 б.] (Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері: пед.ғыл.док. ...дисс.:13.00.08. – Алматы, 2010. – 287 б.), жаңа форматта (PhD) – Оспанбекова М.Н. [10, 25 б.] (Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау: филос.док. PhD. ...дисс. – Алматы, 2018. – 181б.), Ширина Л.В. [11, 13 б.] (Педагогическое сопровождение развития у педагогов общеобразовательных школ готовности к инновационной деятельности: канд.пед.наук. ...дисс. 13.00.08. теория и методика профессионального образования. Армавир, 2021.) және т.б. өз ғылыми еңбектерінде терең талдаулар жасап, өз анықтамаларын берген.

Заманауи мұғалім бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыруда инновациялық әзірлемелерді зерттеп, шығармашыл тұлға бола алмайды. Мұның бәрі педагог тұлғасының инновациялық бағытын қалыптастырумен байланысты мәселелерді зерттеуге психологтардың, философтардың, әлеуметтанушылар мен педагогтардың қызығушылығының артқанын түсіндіреді. Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамыту бағдарламасында айтылғандай, мұғалімнің инновациясын дамыту білім берудегі стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мәселенің шешімі бүгінгі күні «білім беру саласындағы инновацияның кез келген түрін жүзеге асыруға болатын кезде, оларды іштей қабылдап, тәжірибеші мұғалімдер қолдаса» маңыздырақ болмақ.

Заманауи білімнің жаңа мазмұндағы мәні оның жеке тұлға танымдағы мәнділігі және ықпал жасауы. Бұл мемлекеттің дамуы, әлеуметтік, рухани, мәдени өрлеуі арқылы қамтамасыз етумен және жалпы адамзаттың өркендеуі, ықпал етуімен сипатталады. Білімге жаңа көзқарас тұрғысынан келу оның сапасын жаңа мазмұнға көтеру ментүсіну. Бұл инновациялық әрекет түсінігінде құндылық ретінде қарастыру және білімді меңгеру үдерісінде жаңа нәтижеге жүйелі түрде келу мен игеру арқылы олардың сапалық қырларын толық түсіну болып табылады [12, 8 б.].

Ғалым Х.Узунбойлының айтуынша технологияны білімге біріктіру процесі – қазіргі кезде сыныпта және оқу процестерінен тыс қолданылатын көптеген құралдар мен қосымшаларды қамтиды делінген. Соның бірі – «Kahoot» бағдарламасы оқушылардың жауап беру жүйелерінің бірі және оқудағы кемшіліктерді жою үшін пайдалы деген қорытындыға келген [13, 161 б.].

Ал, Н.А.Олуватобидің «Студенттердің үздіксіз қатысуы үшін әлеуметтік медианы және жаңа технологияларды қабылдауды қолдауға арналған деректер жинағында» – әлеуметтік медиа платформалар мен жаңа технологиялар арқылы оқыту мен оқытудың балама әдістерін қолданыстағы оқу құралдарына қолдану және біріктіру қажеттілігін анықтаған. Сонымен қатар, университет білім алушыларына осы платформалармен оқу қаншалықты таныс екендігін көрсетіп, оқу үдерісіне енгізу мәселерін анықтаған [14, 1 б.].

ЖОО-да инновациялық кәсіби іс-әрекетке дайын оқытушы тек қана оқу үдерісін сауатты жоспарлай отырып өткізіп қоймай, сонымен бірге білім алушылардың қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекеттерін дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет. Инновациялық кәсіби іс-әрекет – болашақ мұғалімнің жаңашыл алған теориялық және практикалық білімдері мен кәсіби шеберліктерінің жиынтығы. Яғни, инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың түпкі нәтижесі болып табылады. Олай болса, білім алушыларға қазақ тілін оқытуда жаңашылдық бағытындағы білімдерді беру дау тудырмас мәселе деп білуге болады. Ол үшін пәнді оқыту барысында креативті ойлауды дамытуға арналған тренингтер жүргізу және инновациялық дағдыларға үйрететін элективті курстар ұйымдастыру қажет.

Материалдар мен әдістерді сипаттау.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру кезіндегі заманауи педагогикалық білімдер бойынша болашақ мұғалімнің кәсібіне қойылатын талаптардың бірі педагог қызметінде мектептің оқу-тәрбие процестерімен жақындастыру болып табылады. Бұл кезеңде болашақ маман педагогикалық қызметтің тәжірибелік бағытын жаңаша меңгеру, әрдайым шығармашылықпен айналысу барысында инновациялық әдістерді қолдану, заманауи оқыту технологияларын қолдана отырып, креативті жұмыс жасай алу талаптарын қамтуы қажет. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда «Қазақ тілін оқыту арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау»атты элективтікурс бағдарламасы білім алушылардың жалпы даму деңгейін көтеріп, қазіргі кезеңдегі жаңа технологиялар мен әдістер таныстырылып қана қоймайды, оқытудың инновациялық іс-әрекеттің тиімді қолдану, практикалық талдаудың іскерлігі және дағдысын игеруге де мүмкіндік береді. Элективтікурс бағдарламасын құрған кезде біз мынадай жетекші идеяларды негізге алдық:

- материалдарды блокпен дидактикалық ірілендіру қағидасына сүйене беру;
- мұғалімнің инновациялық кәсіби іс-әрекетінің құндылық қарым-қатынас идеясы;
- қазақ тілін инновациялық технология негізінде оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық қызметінің тәжірибесіне даярлау;
- инновациялық кәсіби іс-әрекетті ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан қарастыру.

Ұсынылған элективті курс бағдарламасы белгілі бір жаңалықты, инновациялық технологияларды танып, үйретуді өзіне мақсат етпейді, ол тек білім алушыларға жаңалыққа ұмтылудың, жаңалықты іздеудің жолдарын көрсетіп, бағыт-бағдар сілтейді, олардың өз бетінше ізденуіне, жан-жағына ойлы көзқараспен қарай білуге үйретеді, педагогикалық саласындағы негізгі тұжырымдар, ережелер, идеялар мен оқытудың жаңа принциптері мен заңдылықтарымен таныстырды.

Элективті курстың мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жаңа идеяларды құру, квесттерді, оқыту ойындары мен викториналар («Joyteka» платформасында), схемалар, электронды портфолио, интерактивті тапсырмалар («Canva», «Learning Apps», «Pinterest» платформаларында), презентацияларды жандандыру, QR кодпен жұмыс, 3D анимация видео жасау (breakoutclips сайты, QR код генераторы), пән бойынша тесттер («Kahoot» платформасында) құрастыру жөнінде теориялық біліммен қаруландыру және сол алған білімдерін мектептердегі қазақ тілін оқыту процесінде нәтижелі пайдалана білуге даярлау.

Бұл мақсатқа жету төмендегі міндеттерді шешумен байланысты:

- педагогикалық инновацияның түрлерін топтау;
- бастауыш сыныптың қазақ тілін оқытуда қолданылатын жаңашыл әдістемелерді анықтап, олармен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қаруландыру.

Оқу бағдарламасының мазмұнына жасалған қосымшалар оқып-үйреніліп, қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні бойынша педагогикалық инновацияны пайдалану жөнінде білім берілгеннен кейін алынған бақылау нәтижесінде білім алушылардың басым көпшілігі бастауыш сыныптағы негізгі пән қазақ тілін оқыту мазмұнын жаңашылдық тұрғысынан меңгергендіктерін байқатты. Алайда білім алушылардың жартысынан көбінің педагогикалық инновация туралы хабары болғанымен, оларды нақты бастауыш сыныпта пайдалану білімдерінің саяздығы аңғарылды. Олардың теориялық даярлықтары жеткілікті деңгейде болмағандықтан, біз «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне «Қазақ тілін оқыту арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты элективті курс бағдарламасын жасадық.

Элективті курстың негізін білім беру саласындағы инновацияға шығармашылықпен қарау, жеке тұлғаны қалыптастыру процесіне іс-әрекет тұрғысынан келу, бастауыш сыныптың қазақ тілі пәнінен оқу-тәрбиесін жандандыру идеялары құрайды. Бұл курсты 6В130100 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 3 курс білім алушыларына таңдау компоненті бойынша оқыту көзделеді. Себебі ол, біріншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлауға бағытталған жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесі құрылымында негізгі пән болып табылады, екіншіден, арнайы пәндердің өзіндік жалғасы болады, білім алушылар элективті курсты оқып-үйрену барысында алған білімдеріне сүйенеді, үшіншіден, элективті курс білім алушылардың педагогикалық практикасында жалғасын табуы керек.

Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Осыған орай, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдері креативті түрде жұмыс атқаруға, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдануға даярлау – заманның ең маңызды талаптарының бірі. Біздің ойымызша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазақ тілін оқытуда қолданылатын инновациялық әдістер мен технологияларды қолдануға даярлауда ұсынылған элективті курстың орны ерекше.

Нәтижелер.

Бағдарламада элективті курс үш модульге бөлініп өтілді және негізгі сабақ түрлерін өткізудің тақырыптық жоспары берілді: лекциялар 30 сағат, практика 15 сағат, СОӘЖ 45, СӨЖ 60 сағат. Практикалық сабақтарда бағдарламадағы тақырыптардың мазмұнына енетін негізгі мәселелер талқыланды, пікірталастар өткізілді, білім алушылардың баяндамалары мен ғылым хабарлары тыңдалды, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық әдістер мен технологияларды дұрыс пайдалануды даярлауға байланысты дөңгелек үстел, іскерлік ойындар ұйымдастырылды.

Элективті курс мазмұнына мұғалімнің іс-әрекеті, инновациялық іс-әрекеті, «инновация», «инновациялық іс-әрекет» ұғымдары және оны меңгерудің теориясы, инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану даярлығының диагностикалық әдістері, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру жайында ғылыми мақала ҚР Білім және Ғылым министрлігі құрамындағы ЖАК белгілеген журналға жарияланып [15, 179 б.], көпшілік қолдауына ие болған жаңа технологияларды, педагогикалық жаңалықтарды меңгеру әдістемесі, жаңашыл педагог идеялары мен тәжірибелері алынды.

Оқу үдерісінде ең маңызды мәселенің бірі білім беру оның элементтері арасындағы өзара байланысты анықтау және жүзеге асыру. Алайда оқу үдерісі белгілі әдістемелер арқылы жүзеге


асырылады. Әдістемеде ең алдымен: «қандай әдіспен оқыту керек?», «оқыту барысы қандай мазмұнда болу керек?», «қандай құралдар қолдану керек?» деген сұрақтарға жауап іздеу болашақ мұғалімнің кәсіби қабілеттілігінің біріне айналады. Сонымен қатар, бұл курстағы лекцияны жүргізуде проблемалық лекция, лекция-диалогтар және т.б., практикалық сабақтарды жүргізуде қатысымдық әдісі, пікірталас әдісі, миға шабуыл әдісі, іскерлік ойындар әдісі, кейс-стади әдісі қолданылды.

Элективті курс аяқталғаннан соң 6B01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 3 кұс білім алушыларынан курстың даярлық сапасына нәтижелі ықпал ететінді байқау мақсатында алдын ала дайындалған сұрақтар бойынша сауалнама алынды.

Жүргізілген сауалнама жауаптарын талдау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне элективті курс бойынша білім беруге теориялық дайындығын (мақсаттылық-мотивациялық) және практикалық дайындығын (инновациялық-әрекеттік) қарастыруда түрлі («Joyteka», «Canva», «Learning Apps», «Pinterest», «Kahoot» т.б.) платформаларда пәнге қатысты схемалар, электронды портфолио, пән бойынша тесттерді тиімді құрастырумен қатар Qr кодпен жұмыс жасау мүмкіндіктерін қолдана алуда ең жоғарғы проценттік көрсеткіш 40% -ды құрап, дағдының орта деңгейде екендігін көрсетті. Біз бұдан білім алушылардың құрастырушы сайттармен, түрлі платформалармен ақпараттанғандығымен, оны практикада тиімді қолдануда үлкен айырмашылық бар екендігін түсінеміз.

Сауалнаманың келесі жауаптарын талдау барысында білім алушылардың инновациялық-әрекеттік компоненттерінің көрсеткіштік деңгейін анықтауға бағытталған қазақ тілін оқыту барысындағы инновациялық әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыруда сыни пікір алмасу, тәуекелге баруы мен шешім қабылдай алу қабілеттерінің белсенділігі ең жоғарғы проценттік көрсеткіш 71,25%-ды құрады. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби мамандығына деген қызығушылықтарының орташа деңгейі.

Элективті курсты оқудың маңыздылығы бойынша алынған сауалнама нәтижесін жинақтап, талдау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінде қазақ тілін оқыту арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке дайындығының орта және төмен деңгейде екендігін көруге болады. Осыған орай, элективті курсты оқыту маңыздылығының жоғары деңгейі басым екенін айтуға болады (Сурет 1).



Сурет 1. – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Қазақ тілін оқыту арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты элективті курсын оқытудың маңыздылық көрсеткіштері


Алынған сауалнама нәтижесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қазақ тілін оқыту әдістемесін оқуға деген ынтасы мен белсенділігі, инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалануға деген қызығушылығы бар екендігін көрсетті.

Жоғарыда аталған ақпараттандыру платформаларын қолдана отырып, білім алушылардың кері байланыс жасауын және интербелсенді әдістерінің тиімділігін дәлелдеу мақсатында Л.Н.Бережнованың «Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің деңгейін диагностикалау» әдістемесі бойынша алынған мәліметтерді зерделеу кезінде экспериментке дейін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі дамытуының 52,2% пайызды құрап, орташа деңгейі басым екендігі анықталды. Эксперименттен кейін бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс байқалмады. Ал, эксперименттік топта сандық көрсеткіштер артып, сыналушылар пайыздық қатынаста 63,7% пайызды құрады. Бұл дегеніміз, білім алушылардың басым бөлігі орта деңгейден жоғары деңгейге ауысқандығының айғағы. Сонымен қатар, мүлдем ұмтылысы болмаған төмен деңгей

көрсеткен білім алушылар, төменнен орта деңгейге көтеріліп, пәнге деген қызығушылығы оянып, инновацияға бет бұрғанын байқадық. Зерттеудің нақты нәтижелерінің сандық сипаттамасы мен диаграммасын (Кесте 1, Сурет 2) көруге болады:

Кесте 1. – Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің деңгейі бойынша көрсеткіштер

Деңгейлері	ЖОО білім алушыларының жинақталған жауап көрсеткіштері (%)							
	Экспериментке дейін				Эксперименттен кейін			
	Бақылау тобы 65 білім алушы	%	Эксперименттік топ 80 білім алушы	%	Бақылау тобы 65 білім алушы	%	Эксперименттік топ 80 білім алушы	%
Жоғары	36	55,3	41	52,2	38	58,4	51	63,7
Орта	22	33,8	24	30	24	36,9	25	31,2
Төмен	7	10,7	14	17,5	3	4,6	4	5



Сурет 2. – Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің деңгейі бойынша көрсеткіштер диаграммасы

Зерттеу нәтижесінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өзін-өзі дамытуы мен кәсіби педагогикалық іс-әрекетіндегі инновациялық білімді игеруге деген құлшынысын аңғардық. Яғни кәсіби өзін-өзі дамытуды іске асыруға, шығармашылықты дамытуға, біліктілігін көтеруге, педагогикалық инновацияларды үйренуге деген ынтасы артты.

Талқылау.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Қазақ тілін оқыту арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» элективті курсының маңыздылығы туралы тұжырымдарын талданған кезде, кейбір білім алушылардың пікірлері:

- ЖОО-да инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, болашақ мұғалімдерді даярлауда білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артады;
- Қазақ тілі пәнінен алған теориялық білімдерін іс-тәжірибеде тиімді қолдануға даярланады;
- Жаңаша идеяларды өздігінен ойлап табу, оны бастауыштың қазақ тілін оқыту барысында қолдану арқылы болашақ мұғалімнің педагогикалық шеберлігі жетіледі, – деп мәлімдеді.

Қазақ тілінен элективті курсты оқыту арқылы болашақ бастауыш мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың маңыздылығы туралы пікірлері мынадай болды:

- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасындағы қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту мазмұнын жаңарту;
- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мақсаттылық-мотивациялық, үдерістік-мазмұндық, инновациялық-әрекеттік компоненттерінің бірлігін қамтамасыз ету.

Элективті курсты сынақтан өткізу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерімен мынадай жұмыс түрлері мен әдістері қолданылды: жеке және топтармен жұмыс жүргізе отырып, түрлі платформаларда пәнге қатысты схемалар, электронды портфолио, интерактивті тапсырмалар, тесттер құрастыру және Web-сайт желісін құру.

Алынған сауалнамадағы білім алушылардың берген жауаптарына жасалған талдау біз ұсынған элективті курстың тиімділігін көрсетті. Дегенмен, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығы толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Сол себепті, білім алушылардың элективті курстан алған білімдерін іс-тәжірибеде, ғылым-әдістемелік әрекеттерде біліктілікпен пайдалана білу мақсатында жүзеге асырылады. Бұл айтылғандардың нәтижелі жүзеге асуы болашақ бастауыш сынып мұғалімінің осы саладағы даярлық деңгейіне байланысты болмақ. Атап айтқанда, мұғалім болуға қызығушылығы, батылдығы, теориялық білімді тәжірибеде бекітуге әрдайым ынтасының болуы артты. Сондай-ақ, кәсіби теориялық білімі кеңейді, қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнін оқытудағы инновациялық кәсіби іс-әрекеті тереңдеді, оқытудың инновациялық технологияларын игерді, заманауи дамыған білімді болуға талпынысы байқалды.

Қорытынды

Жоғарыда айтылған элективті курс бағдарламасының көрсетілген білім мазмұны «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының білім алушыларының заманауи бағыттылығы, инновациялық әдістер мен технологияларды білім беру мазмұнында тиімді қолдана алу жөнінде терең мәлімет алып, бүгінгі күн талабына сай даму арқылы бастауыш сыныптағы қазақ тілі пәнінде қолдану дағдыларына икемделуге қызығушылықтарын арттырады. Бұл бағдарлама болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне пайдалы болатындай етіп жасалынды.

Элективті курсты ұйымдастыру барысында ұсынылған педагогикалық жағдаяттарды шешкізу инновациялық кәсіби іс-әрекетін дамытуға негіз болды. Соның нәтижесінде білім алушылардың инновациялық кәсіби іс-әрекетінің негізі болып табылатын қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша оқыту және оқу үдерісінің негізгі көрсеткіштерін еске түсіру, мәні мен нәтижесін дәлелдеуге өз көзқарасын білдіру қабілетін дамытуға мүмкіндік туғызылды.

Қорыта айтқанда, жоғары оқу орнындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың өзектілігі айқындалды. Зерттеу жұмысымызға байланысты әзірленіп, И.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Оқыту және тәрбиелеу әдістемесі» білім беру бағдарламасының оқу үдерісінде тәжірибеге енгізілген «Қазақ тілін оқыту арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты элективті курсының мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пән бойынша инновациялық кәсіби іс-әрекеттерін дамытуға ықпал ете отырып, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық танытты және теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана білді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **ҚР МЖМБС Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы, №604 бұйрығы** [Электрондық ресурс]: ҚР МЖМБС. – Жалпы ережелер. Жаңартылған. 23.07.2021. <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V1800017669>
2. **Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері** [Мәтін]: оқу құралы / К.Ж.Бұзаубақова. – Алматы: Білім, 2015. – 422 б.
3. **Педагогтың кәсіби стандарты. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.** [Электрондық ресурс]: <https://atameken.kz/> Кәсіби стандарттар. 08.06.2017ж. № 133 бұйрығына қосымша.
4. **«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы** [Электрондық ресурс]: 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар, <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z1900000293>. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ 03.05.2022ж. жаңартылған -1 б.
5. **Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы.** [Электрондық ресурс]: Жолдау. Үшінші бағдар: «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция». <https://www.akorda.kz/> -2022 жылғы 1 қыркүйек
6. **Ыбыраимжанов Қ.Т. Бастауыш білім беру педагогикасы** [Мәтін]: оқу құралы / Қ.Т.Ыбыраимжанов. – Алматы: Эпиграф, 2016ж. – 332 б.
7. **Абдуллина О.А. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің жалпы педагогикалық дайындығы** [Мәтін]: педагогикалық арнаулы жоғары оқу орындарына арналған. -2-ші басылым, қайта қаралған және қосымша / О.А.Абдуллина. – М.: Просвещение, 1990. – 141 с.
8. **Нағымжанова Қ.М. Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.** [Мәтін]: ...дисс. пед.ғыл.канд. / Қ.М.Нағымжанова. – Алматы, 2002. – 138 б.

9. **Джанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері.** [Мәтін]: ...дисс. пед. ғыл. док. / М.З.Джанбубекова. – Алматы, 2010. – 287 б.
10. **Оспанбекова М.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау.** [Мәтін]: ...дисс. филос.док.PhD / М.Н.Оспанбекова. – Алматы, 2018. – 181 б.
11. **Ширина Л.В. Педагогическое сопровождение развития у педагогов общеобразовательных школ готовности к инновационной деятельности.** [Мәтін]: ...дисс. канд.пед.наук / Л.В.Ширина. – Армавир, 2021. – 195 с.
12. **Жадрина М. Жалпы білімді сапалық деңгейге көтеру мүмкіндіктері.** [Мәтін]: М.Жадрина/Қазақстан мектебі журналы/ – 2004. – Шығарылым 7. – 7-11 бб.
13. **Uzunboyly H., Galimova E.G., Kurbanov R.A., Belyalova A.M., Deberdeeva N.A., Timofeeva M. The views of the Teacher Candidates on the Use of Kahoot as A Gaming Tool.** [Мәтін]: International Journal of emerging Technologies in learning/ H.Uzunboyly, E.G.Galimova, R.A.Kurbanov, A.M.Belyalova, N.A.Deberdeeva, M.Timofeeva – 2020, – Issue 23, – 158-168 p.
14. **Oluwatobi N.A., Taofeeq A.B., Akinyinka T.A., Oladiran T.A. Dataset to support the adoption of social media and emerging technologies for students' continuous engagement.** [Мәтін]: /N.A.Oluwatobi, A.B.Taofeeq, T.A.Akinyinka, T.A.Oladiran // Data in Brief. – 2020 August 25;31:105926 <https://doi.org/10.1016/j.dib.2020.105926>.
15. **Баймухамбетова К.М., Есназар А.Ж. Инновациялық технологиялар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастырудың құралы ретінде.** [Мәтін] / К.М.Баймухамбетова, А.Ж.Есназар // Абылайхан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» секциясы. - 2023. Шығарылым 1(68). -175-191 б. –Библиография: 270 б.

REFERENCES:

1. **KR MZhMBS Bilim berudin barlyk dengejinin memlekettik zhalpyga mindetti bilim beru standarttaryn bekitu turaly KR BzhGM 2018 zhylygy 31 kazandagy, №604 bujrygy** [Order of the Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2018 No. 604 on approval of State mandatory education standards at all educational levels of the state educational standard of the Republic of Kazakhstan]. State educational standard of the Republic of Kazakhstan. General provisions. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V1800017669> (accessed 23 July 2021). (In Kazakh)
2. **Buzaubakova K.Zh. Innovatsiyalyk pedagogika negizderi** [Fundamentals of innovative pedagogy]. Almaty, Bilim, 2015, 422 p. (In Kazakh)
3. **Pedagogtyn kasibi standarty. «Atameken» KR Ulityk kasipkerler palatasy** [Professional standard of the teacher. "Atameken" National Chamber of Entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://atameken.kz/> Professional standards. 08.06.2017 Addendum to Order No. 133. (In Kazakh)
4. **«Pedagog martebesі turaly» KR Zany. 1-bap. Osy Zanda pajdalanylattyn negizgi ugymdar** [Law of the Republic of Kazakhstan "On the status of a teacher". Article 1. Basic concepts used in this Law]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z1900000293>. RKZ No. 293-VI of December 27, 2019 (accessed 05 March 2022). (In Kazakh)
5. **Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн «Adilette memleket. Birtutas ult. Berekeli qoram» atty Kazakstan halkyna Zholdauy. Zholdau. Yshinshi bagdar: «El bolashagyna arналған strategiyalyk investiciya»** [Head of State Kassym-Jomart Tokaev's "Just State. A united nation. Address to the people of Kazakhstan entitled "Blessed society". Message. The third direction: "Strategic investment for the future of the country"]. Available at: <https://www.akorda.kz/> (accessed 1 September 2022). (In Kazakh)
6. **Ibyraimjanov K.T. Bastauysh bilim beru pedagogikasy** [Pedagogy of primary education]. Almaty, Epigraf, 2016, 332 p. (In Kazakh)
7. **Abdullina O.A. Obshhepedagogicheskaya podgotovka uchitelya v sisteme vy'sshego pedagogicheskogo obrazovaniya** [General pedagogical training of teachers in the system of higher pedagogical education]. Moscow, Prosveshhenie, 1990, 141 p. (In Russian)
8. **Nagymzhanova K.M. Bastauysh synyp mugaliminin innovatsiyalyk is-areketin kalypstastyrudyn pedagogikalyk sharttary** [Pedagogical conditions for the formation of innovative activities of primary school teachers]. PhD thesis, Almaty, 2002, 138 p. (In Kazakh)
9. **Dzhanbubekova M.Z. Zhahandanu zhagdajynda bolashak bastauysh mектеp mugalimin kasibi is-areketke dayarlaudyn pedagogikalyk negizderi** [Pedagogical bases of training the future primary

school teacher for professional activity in the age of globalization]. PhD thesis, Almaty, 2010, 287 p. (In Kazakh)

10. **Ospanbekova M.N. Bolashak bastauysh synyp mugalimderin innovatsiyalyk tehnologiyalar negizinde okushylardyn refleksiya syn damytuga dayarlau** [Training of future primary school teachers in fostering students' reflection process based on innovative technologies]. PhD thesis, Almaty, 2018, 181 p. (In Kazakh)

11. **Shirina L.V. Pedagogicheskoe soprovozhdenie razvitiya u pedagogov obsheobrazovatel'ny'h shkol gotovnosti k innovatsionnoj deyatel'nosti** [Pedagogical support for the development of readiness for innovation among teachers of secondary schools]. PhD thesis, Armavir, 2021. – 195 p. [in Russian]

12. **Zhadrina M. Zhalpy bilimdi sapalyk dengejge koteru mumkindikteri** [Opportunities to improve general knowledge to a qualitative level]. *Kazakhstan mektebi zhurnaly*, 2004, iss. 7, pp. 7-11. (In Kazakh)

13. **Uzunboylu H., Galimova E.G., Kurbanov R.A. et al. The views of the Teacher Candidates on the Use of Kahoot as A Gaming Tool.** *International Journal of emerging Technologies in learning*, 2020, iss. 23, 158-168 p. (In Russian)

14. **Oluwatobi N.A., Taofeeq A.B., Akinyinka T.A., Oladiran T.A. Dataset to support the adoption of social media and emerging technologies for students' continuous engagement.** *Data in Brief*, 2020. <https://doi.org/10.1016/j.dib.2020.105926>

15. **Baimukhambetova K.M., Esnazar A.Zh. Innovatsiyalyk tehnologiyalar bolashak bastauysh synyp mugalimderinin innovatsiyalyk kasibi is-areketin kalyptastyrudyn kuraly retinde** [Innovative technologies as a means of forming innovative professional activities of future primary school teachers]. *Herald of Abylaikhan Kazakh University of International Relations and World Languages. "Sciences of Pedagogy" section*, 2023, iss. 1(68), pp. 175-191. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәліметтер:

*Баймухамбетова Куралай Мыктыбековна** – 8D01301 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының докторанты, Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040009, Талдықорған қ., І.Жансүгіров көшесі, 187а, тел.: 87058851292, e-mail: kuralai-61@mail.ru.

Ыбыраимжанов Калибек Турдыгазиевич – п.ғ.д., профессор, Оқыту және тәрбиелеу әдістемесі кафедрасының профессоры, Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040009, Талдықорған қ., І.Жансүгіров көшесі, 187а, тел.: 87023714547, e-mail: tarmpi_school@mail.ru.

Ирсакова Мадина Аскарровна – магистр, аға оқытушы, Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы, М.Х.Дулатаи атындағы Тараз өңірлік университеті, «Ұстаз» институты, Қазақстан Республикасы, 080003, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 16а, тел.: 87012316461, e-mail: Irsakova81@bk.ru.

*Баймухамбетова Куралай Мыктыбековна** – обучающаяся докторантуры по специальности 8D01301-Педагогика и методика начального обучения, Жетісу университеті имену Ильяса Жансүгірова, Республика Казахстан, 040009, г.Талдықорған, улица И.Жансүгірова, 187а, тел.: 87058851292, e-mail: kuralai-61@mail.ru.

Ыбыраимжанов Калибек Турдыгазиевич – д.п.н., профессор, профессор кафедры методики обучения и воспитания, Жетісу университеті имену Ильяса Жансүгірова, Республика Казахстан, 040009, г.Талдықорған, улица И.Жансүгірова, 187а, тел.: 87023714547, e-mail: tarmpi_school@mail.ru.

Ирсакова Мадина Аскарровна – магистр, старший преподаватель, старший преподаватель кафедры дошкольного и начального образования, Таразский региональный университет им.М.Х.Дулатаи, институт «Ұстаз», Республика Казахстан, 080003, г.Тараз, проспект Жамбыла, 16а, тел.: 87012316461, e-mail: Irsakova81@bk.ru.

*Baimukhambetova Kuralay Myktybekovna** – PhD student, "8D01301-Pedagogy and methods of primary education", Zhetysu University named after I.Zhansugirov, Republic of Kazakhstan, 040009, Taldykorgan, 187a I.Zhansugurov Str., tel.: 87058851292, e-mail: kuralai-61@mail.ru.

Ybyraimzhanov Kalibek Turdygazyevich – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of methods of education and training, Zhetysu University named after I.Zhansugirov, Republic of Kazakhstan, 040009, Taldykorgan, 187a I.Zhansugurov Str., tel.: 87023714547, e-mail: tarmpi_school@mail.ru.

Irsakova Madina Askarovna – Master, Senior Lecturer of the Department of preschool and primary education, Taraz Regional University named after M.H. Dulati, Ustaz Institute, Republic of Kazakhstan, 080003, Taraz, 16a Zhambyl Ave., tel.: 87012316461, e-mail: Irsakova81@bk.ru.